

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2022 жылғы 22 ақпандағы №172-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы, Шартқа қосымша келісімдерді ескере отырып, ҚҚС-ты есепке алғанда 1 665 416 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2022 жыл – 518 432 мың теңге;
- 2023 жыл – 554 865 мың теңге;
- 2024 жыл – 592 119 мың теңге.

2024 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2024 жыл	2023 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	2 147 131	1 833 322
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	46 956	44 177
2.2	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	6 856	15 748
2.3	3000-3699 «Өткен кезеңдердегі аудиттен немесе қаржылық ақпаратты шолып тексеруден өзге сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	4 751	-
2.4	Басқарушылық есептілігінің аудиті	704	684
2.5	Қаржылық есептілікті аудару қызметтері	469	-
2.6	Жалақыға шолу	-	1 100
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	59 736	61 709
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	2,8%	3,4%